

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының
өндірістік-пайдалану бірлестігінің жекелеген мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 11 қазан
N 1160. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.03. N 672
қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының
Өндірістік-пайдалану бірлестігі басшы қызметкерлерінің лауазымдық
жалақыларының кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы
Өндірістік-пайдалану бірлестігінің басшы қызметкерлеріне мемлекеттік басқару
органдарының қызметкерлері үшін көзделген еңбек ақы төлеудің қолданылып
жүрген шарттары, оның ішінде: сыйлықақы беру, үстеме ақы төлеу материалдық
көмек көрсетудің тәртібі қолданылсын.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы
Өндірістік-пайдалану бірлестігінің басшы қызметкерлері
материалдық-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету шарттары бойынша
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының
қызметкерлеріне теңестірілсін.

3. Бас директорға Өндірістік-пайдалану бірлестігінің қалған қызметкерлеріне
сыйлықақы төлеу тәртібі мен шараларын белгілеу құқы берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқарушысы
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының
Өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы Ережені бекітсін.

5. "Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер

Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы Өндірістік-пайдалану
бірлестігінің басшы қызметкерлері мен мамандарының лауазымдық
жалақыларының кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1993 жылғы 22 қарашадағы N 1167 қаулысының күші
жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 қазандағы
N 1160 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс
Басқармасының Өндірістік-пайдалану бірлестігі
басшы қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының
Кестесі

Лауазым	! Айлық лауазымдық ! жалақы
Бас директор	3700
Бас инженер	3150
Бас директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары	3050
Бас директордың ақпарат және ЕТ мәселелері жөніндегі орынбасары	3150
Бас бухгалтер	3000
Бас экономист	2800